# XI Астана экономикалық форумын ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 137 қаулысы

2018 жылы XI Астана экономикалық форумының тиімді ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған XI Астана экономикалық форумын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 27 наурыздағы
№ 137 қаулысымен
бекітілген

## XI Астана экономикалық форумын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | XI Астана экономикалық форумын (бұдан әрі - форум) ұйымдастыру және өткізу бойынша келісілген консультантпен ("GVA Қазақстан" ЖШС) шарттар жасасу | шарттар | 2018 жылғы сәуір | "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша) | 3,1 млрд. теңгеден аспайтын сомаға республикалық бюджет және бюджеттен тыс қаражат, оның ішінде 540 млн. теңгеден аспайтын сомаға кешенді сүйемелдеу. |
| 2. | Форумға қатысушыларға шақыру хаттарын жіберу | шақыру хаттары | 2018 жылғы наурыз-сәуір | "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| | | | | ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Ұйымдастыру комитетінің форум тұжырымдамасы мен архитектурасын бекітуі | форум тұжырымдамасы мен архитектурасы | 2018 жылғы сәуір | бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша ), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| 4. | Ақылы негізде шақырылатын спикерлерді, модераторларды келісу | ҰЭМ мақұлдау хат | 2018 жылғы наурыз-сәуір | "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша ), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| 5. | Спикерлермен, модераторлармен шарттар жасау | шарттар | 2018 жылғы сәуір | "GVA Қазақстан" ЖШС (келісу бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша) | республикалық бюджет және бюджеттен тыс қаражат |
| 6. | Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін пленарлық отырыс және дөңгелек үстел бағдарламасын келісу | Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін пленарлық отырыс және дөңгелек үстел бағдарламасы | 2018 жылғы сәуір | ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша ), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| 7. | Форум бағдарламасын келісу | Ұйымдастыру комитетімен келісілген форум бағдарламасы | 2018 жылғы сәуір | ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісу бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісу бойынша), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 8. | Форумды өткізу | іс-шара | 2018 жылғы 17,18,19 мамыр | ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша ), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | республикалық бюджет және бюджеттен тыс қаражаттар |
| 9. | Қорытынды есептерді қабылдау | көрсетілген қызметтерді қабылдау актісі | 2018 жылғы шілде-тамыз | ҰЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек " ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша ), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| | | форум қорытындылары | | "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша), | республикалық бюджет және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Форум қорытындылары бойынша ұсынымдар дайындау | бойынша ұсынымдар | 2018 жылғы маусым | "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша) | бюджеттен тыс қаражат |
| 11. | Қазақстан Республикасының Үкіметіне форум қорытындылары және онда берілген ұсынымдар туралы хабарлау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне хат | 2018 жылғы шілде | ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша), "ҚЭБҚ" КҚ (келісім бойынша), "GVA Қазақстан" ЖШС (келісім бойынша) | талап етілмейді |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | |
|---|---|
| ҰЭМ | – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы |
| "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ | – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы |
| "ЭЗИ" АҚ | – "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы |
| "ҚЭБҚ" КҚ | – "Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры" корпоративтік қоры |
| "GVA Қазақстан" ЖШС | – "GVA Қазақстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК